




*М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ*



**«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ –
КӨРКЕМ СӨЗДІ ШЕЖІРЕ»**

Библиографиялық көрсеткіш

Тараз 2019

Әбіш Кекілбаев - заманымыздың бір заңғар тұлғасы



Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы.

Жазушы **1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы** (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Жанайұлы Қожаназар қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған.

1928-1931 жылдары асыра сілтеу, тәркілеу кезінде Кекілбай мекеннен көшіп Түркменстанның Красноводск портында жүкші, Бекдаш химия кәсіпорнында біраз жыл жұмысшы болып істеп, елге 1937 жылы Баку мен Махачкала арқылы оралған соң Оңдыдағы колхозда колхозшы, Таушық кенішінде шахтер болды.

1942 жылы соғысқа алынып, майданда 3 рет жараланып, Сталинград маңында қайтыс болады. Алайда Кекілбайдың дүниеден өткенін үй ішіне бірнеше жылдан соң ғана хабарлайды. Кекілбай соғысқа аттанған жылы анасының ішінде қыз бала қалады. Оның есімін Тілектес деп қояды.

Әбіш Кекілбайұлының анасы Айсәуле Жұмабайқызы дәулетті, ел ішінде аты шыққан бидің отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленген. Тектінің ұрпағы тектілік танытпаса, айыбы, аманатқа қиянат жасағаны. Әбіштің әлемі сол текті бабаның көріп-білген дүниесін балаға аңыз бен ертегі, әңгіме ретінде жеткізгенінен пайда болды.

Әбіш Кекілбайұлы 1957 жылы Таушықтағы мектептің 1 сыныбына барып, 1948-1954 жылдары Оңды орталау, ал 1956-57 жылдары Үштағандағы орта мектепте оқиды. Әдебиетке құмарлығы мектеп қабырғасында басталады. 1957 жылы 5 мамыр «Лениншіл жастың» белсенді ауылдық тілшісі ретінде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің мақтау қағазымен марапатталады.

1957 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне түседі. Университетте әдебиет бірлестігін басқарып, жас талаптар шоғырын жарыққа шығарады.

Соңғы курста оқып жүріп, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарады. Мұнда ол сыншылық қабілетімен көзге түседі. «Қазақ әдебиетінен» кейін 1962-65 жылдар аралығында «Лениншіл Жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді.

Ол Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері (2009) көрнекті мемлекеттік, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі (2009), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің, Л. Гумилев атындағы Ұлттық Университетінің, Ақтау Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жезқазған Университетінің және ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының



құрметті профессоры, АҚШ-тың Кентуки штатының құрметті полковнигі, Маңғыстау, Атырау облысындарының, сондай-ақ республикамыздың бірқатар аудандарының

құрметті азаматы. 2015 жылдың 11 желтоқсанында дүниеден өтті. Мүрдесі ұлттық пантеонға жерленді.

Қызмет жолы

- 1957 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне түседі. Университетте әдебиет бірлестігін басқарып, жас талаптар шоғырын жарыққа шығарады. Соңғы курста оқып жүріп, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарады.
- 1962 - 1965 жылдар аралығында «Лениншіл Жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді.
- 1965-1968 жылдары ҚазКСР Мәдениет министрлігінде,
- 1968-1970 жылдары Кеңес армиясының қатарында,
- 1970-1975 жылдары «Қазақфильм» студиясында бас редактор,
- 1975-1984 жылдары Қазақстан КП ОК мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі,
- 1984-1986 жылдары ҚазКСР Мәдениет министрінің орынбасары,
- 1986-1988 жылдары Қазақстан жазушылар одағы басқармасының 2-ші хатшысы,
- 1989-1990 жылдары ҚазКСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төралқа төрағасы,
- 1990 жылы Қазақстан КП ОК бөлім меңгерушісі.
- 1991 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитеттің төрағасы,
- 1992-1993 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы,
- 1993-1995 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі.
- 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы,
- 1996-2002 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болып істеді.
- 2002 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты. Әбіш Кекілбайұлы Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне екі рет, Мәжілісіне бір рет баламалы негізде депутат болып сайланады

«Әбіш Кекілбаев феномені»



Әбіш Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас. Әбіш жайында сөз қозғау,оның шығармашылығын зерттеу, оған үңілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние» -деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткен.

Әбіш әлемі - өзіндік бір пәлсапалық, дүниетанымға толы әлем. Әбіш Кекілбаев өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығында мәдениет, әдебиет, кино салаларында ұйымдастыру-шығармашылық қызметтерін

атқара жүріп, өзінің жазушылық кәсібін алдыңғы қатарға қоя білді. Партияның Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінде әдебиет секторының меңгерушілігіне Әбіш Кекілбаев жазушыларға да, қоғамға да сөйлесе, сөзі өтетін, қажет кезінде басқарушы билікке олардың да талап-тілегін, сөзін өткізе алатын беделді қаламгер, тәжірибелі саясаткер ретінде қызметке шақырылды. Ә. Кекілбаев Орталық Комитеттен Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне жіберіліп, қысқа мерзімде қыруар істер атқара алды.

Жаңа мемлекет тұсында да Әбекең – депутат, Комитет төрағасы, Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенат депутаты сияқты лауазымды қызметтерді атқарып келді. Оның «**Аңыздың ақыры**», «**Үркер**», «**Елең-алаң**» тарихи романдары – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар.

Әбіш Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіреті арқылы толғап жеткізеді.

Әбіш Кекілбаев - барлық дерлік еңбектерінде қазақ елінің тарихы мен тағдырына тоқталған және тарихты жалықпай көп зерттеген жазушы Ә.Кекілбаевтың тарихи тұлғаларға арналған еңбектерін негізінен екіге бөліп қараймыз: Бірінші, әдеби-көркем шығармалардағы тарихи тұлғалар (Абыл, Сүйінғара, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Абылай, т.б.). Екінші, ғылыми зерттеулерінде қамтылған тарихи тұлғалар. Олар негізінен: Қарабура, Шотан батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр, Барақ сұлтан... Әбіш – әдебиет майданында кемел ой, көркем сөзімен белгілі жазушы. Қандай шығармасы болса да оқушысын баурап, халқымыздың тарихы қамтылған.

Әбіш – барлық дерлік еңбектерінде қазақ елінің тарихы мен тағдырына тоқталған және тарихты жалықпай көп зерттеген жазушы. Қаламгердің алғаш жарыққа шыққан шығармасы «**Бір шөкім бұлт**» болатын. Осы шығармасының өзі оның үлкен сөз зергері екенін көрсеткен-ді. Көп ұзамай, 1967 жылы «**Күй**» жарық көрді.

«Күй» классикалық туынды болатын. Әрине, кезінде оны өз дәрежесінде бағалағандар аз еді. Сол азың ішінде Г. Бельгер: «...«Күй» стиліндегі эпиктерге тән байсалды баяндау, философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, кең тынысты, бейнелі, иірімді тілдік құралдарды пайдалану секілді ерекшеліктерімен құнды», – деген болатын.

«Күй» артынан «**Ханша дария хикаясы**» жарыққа шықты. Осы еңбегі алдымен орыс, сонсоң басқа тілдерге аударылып жарық көрді. Жазушының тарихи тақырыпқа жазған шығармаларының бірі – Ақсақ Темір туралы. Одан соң – «**Үркер**» романы. Демек, оның шығармаларындағы тарихи тұлғалар – Абыл, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Қарабура әулие, Шотан, Сүйінғара батырлар, Әйтеке би – біздің тарихымыздағы аса көкейкесті мәселелер болғандықтан, оларды кеңінен жіктеуге міндеттіміз.

«**Үркер**», «**Елең-алаң**» романдарының тақырыбы мен идеясы туралы әдебиеттану ғылымында кеңестік дәуірде қалыптасқан пікірлер бар. Ол пікірлер бойынша, «**Үркер**» мен «**Елең-алаң**» тақырыбы — Қазақстанның Ресейге қосылуы, идеясы — Қазақстан мен Ресей халықтарының достығы. Романда суреттелетін оқиғалардың қалың тобын саралағанда, бұл пікір дұрыс. Бірақ мынаны ескеру керек: «**Үркер**» мен «**Елең-алаң**» — тарих шындығын, адам сырын, халық тағдырын кеңінен, тереңнен толғайтын кең құлашты күрделі романдар. Ал тарих шындығын, адам сырын, халық тағдырын, қоғам болмысын тереңнен толғайтын кең құлашты, күрделі романның бір ғана тақырыбы, бір ғана идеясы болуы шарт емес. Шығармада негізгі тақырып пен идеяны толықтырып тұрған басқа да көптеген жеке тақырып, қосымша идеялар бар. Қазақстанның Ресейге қосылуы — сол тақырыптардың бірі, Қазақстан мен Ресей халықтарының достығы — сол идеялардың бірі. Күрделі шығармадағы әр алуан жеке тақырыптардың басын біріктіріп, бір бүтін күрделі болмыс деңгейінде тұтасқан өмір құбылыстарының тобы — оның негізгі тақырыбы. Осы тұрғыдан келгенде, мынадай тұжырым жасауға болады: «**Үркер**» мен «**Елең-алаң**» романдарының негізгі тақырыбы — қазақ халқының XVIII ғасырдың басында ел тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, ал негізгі идеясы — ел мен жердің тұтастығы мен тәуелсіздігі.

Абыл күйші мен Сүйінғара батыр (Дүйімқара) тарихы жазылған **Кекілбаев** повесі туралы Әбілқайыр Спан: «...Жазушы Ә. Кекілбаев – ұлы гуманист. Өз сөзімен айтқанда, оған бір халықты керемет, бір халықты керемет емес дейтін нәрсе жат, оны қай уақытта да жек көреді... Тек жек көріп тынбайды, осы жолда күрескер де бола алған. Осы қыры «Күйде» де көрінеді. Мұнда ол «түрікмендер жаман, қазақтар жақсы» демейді. Жамандық пен жақсылық екеуіне де ортақ – қазақтың Дүйімқарасының түрікмендегі сыңары – Көкбөрі, қазақтың күйшісінің түрікмен ішіндегі егізі – Дәулет...», – деп анықтама береді («Заңғар». – А., 2008, 81-82-беттер). Орысша аудармасында кейбір тараулардың түсіп қалғаны туралы автордың өз жауабы арқылы түсіндіріп: «Есіл «Күйдін» жал-құйрығы солай күзелген де қалған... Мұндай жағдайға «Үркер» де түсіпті», – дейді.

Біз Кекілбаевты Батыс Қазақстанның тарихы мен мәдени мұрасын зерттеушілердің ішіндегі ерекше ірі тұлға деп танимыз. Оның әдеби шығармалары мен тарихымызға арналған зерттеулері қазақ шеңберінен әлдеқайда асып кеткен, бүкіл түркі халықтарына ортақ екенін мақтанышпен айтамыз. Ата-бабаларымыздан қалған рухани мұра, басқа туыстас халықтармен салыстырғанда, орасан зор.

Жалпы, қазақ – адамзат тарихында ерекше орын алатын халық. Қазақ тілінде басқа халықтар секілді диалект жоқ. Өз руынан қыз алмайтын салты бар. Кең-байтақ аумақты жайлаған халықтың тілі мен тұрмыс-салтының бірдейлігі дүние жүзі ғалымдарын таң қалдырады.

Осы жетістіктер – XVIII ғасырға дейін өмір сүрген, бір орталыққа бағынған, біртұтас Қазақ мемлекетінен қалған мұра. Қазақ хандығының ыдырап, Ресейдің боданына айналғаны туралы соңғы ғасырларда жазылып келе жатыр. Солардың ішінде Батыс Қазақстан тарихы ерекшеленеді... Осы күрделі тақырыпты және рухани мәдениетімізді зерттеуге Ә. Кекілбаев ерекше үлес қосты.


Әбіш Кекілбаев қазақ шежіресі мен аңыздарын аса мұқияттылықпен пайдаланып, халық игілігіне жарату керектігін нақты дәлелдермен көрсетті. Сонымен қатар ол шежіре арқылы тарих жасайтындарға талай рет ескерту де жасады.

Оның **«Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары** – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар.

Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен, қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді.

Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, даусы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді.


Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.





Жыл сайынғы «Бір ел-бір кітап 2019» республикалық акциясының барысында оқылатын жыл кітабы анықталды.

2018 жылдың соңына қарай 2019 жылы оқылатын «Бір ел – бір кітап» акциясына дауыс беру әлеуметтік желіде қызу талқыланған болатын. Аталған жобаны қорытындылау мақсатында республикадағы барлық кітапхана басшылары мен қызметкерлері және оқырмандарының қалауымен «Бір ел-бір кітап 2019» республикалық акциясы аясында жазушы **Әбіш Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романы мен ақын Әбділда Тәжібаевтің өлеңдерін** оқу таңдап алынды. Сондай-ақ, акцияның шешімі республикалық акция комитеті мүшелерінің және өңірлерден келген кітапханалар басшыларының қатысуымен қабылданды.



«Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап - ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен».

Шыңғыс АЙТМАТОВ

Ә.Кекілбаевты әдебиетшілер қауымы тарихи тақырыпты қаузаған, өмір құбылыстарын шынайы шеберлікпен бейнелейтін реалист суреткер ретінде таниды. Дегенмен бұл сөзіміз жазушы шығармаларындағы романтикалық арнаны жоққа шығара алмайды.

«Аңыздың ақыры» – аңыздың ізімен жазылып, ондағы оқиғаны философиялық-психологиялық астармен өрбіткен жазушы Әбіш Кекілбаевтың кесек туындысы. Бұл роман алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланды. Жазушының тарихи тақырыпқа жазылған алғашқы романында романтикалық бейнелеу тәсілін аңғарамыз Роман төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың кейіпкерлері бар болғаны үшеу. Әмірші, Кіші ханым және шебер. Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагерлер осы негізгі басты үш бейнені ашу үшін алынған.

«Аңыздың ақыры» романы қалыптасқан ұғымдағы тарихи роман емес. Сыншызерттеушілердің романның жанры туралы ортақ бір пікірге келе алмай жүруі де сондықтан болар. Ғалымдардың бір тобы бұл шығарманы тарихи романдардың қатарында атаса, екінші бір топ оның философиялық қасиетінің басымдығына назар аударады.

Шығарманы үздіксіз сана ағымы тұрғысынан қарастырған бір топ ғалымдар оның монологқа, толғанысқа құрылғанын баса айтады. Ә.Кекілбаев өз шығармаларында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, көне сюжеттерді көбірек бағдар тұтады.

Ә.Кекілбаев романтизмінің көркемдік жүйесін толықтыратын сипат шығармаларында мифтік-фольклорлық сарынның, аңыз-әңгімелердің жиі көрініс беруі болып табылады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңызәңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Осы сипаттағы шығармаларының бірі – «Аңыздың ақыры» романы. «Аңыздың ақыры» романы тарихи тақырыпқа жазылып, тарихта болған Ақсақ Темір өмірінің бір сәті көрініс бергенімен, бұл – үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, қаламгерлік қиялын қоса отырып, дербес психологиялық шығарма тудырған.

Мұнда тарих – фон, кезең колориті ғана. Сыншы С.Әшімбаев романның тарихи негізін баса айта отырып: «шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып еді, Әмірші деп отырғанымыз кім, қай елдің ханы деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты– деген пікір білдіреді.

Ә.Кекілбаев үшін романда оқиғаның қай ғасырда, қай жерде болғаны маңызды емес. Мәселе, оқиғаның қашан және қалай болғанында емес, болған оқиғаның адамгершілік-философиялық мәнінде. Сюжетке өткен дәуір оқиғасы арқау болғанымен, ішкі мазмұны махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ, бақыт сияқты жалпыадамзаттық мәні бар мәңгілік мәселелерді қозғайды. Шығарма адамгершілік негізінің тереңдігімен ерекшеленеді. Адам жанының шындығын тебіреніспен толғап, өмір туралы философиялық толғам, ғибратты ой ұсынады.

«Аңыздың ақыры» романының лирикалық, романтикалық сипаты мол. Романның сюжеті үш кейіпкердің (Әмірші, ханша, шебер) төңірегінде өрбитін тарихи аңыз-әңгімеге құрылған. Жазушы өзіне таныс аңыз-әңгімені жалаң баяндаушы емес, ол аңыздық желіні жаңаша түсіндіріп, жаңғыртып, сол арқылы адам жанының терең иірімдерін ашқан композициясы күрделі, психологиялық салмағы бар дербес туынды жасайды.

Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі. Шығармада Алмас хан өмірінің соңғы айларында болған оқиға баяндалады. Хан кезекті жорығынан оралғанда, кіші ханшаның өзінің құрметіне салдырған биік мұнарасын алыстан көзі шалады.

Мұнараны салушы жас шебер ханшаға ғашық болып, оған деген құмарлығы мен іңкәр сезімін, махаббатын өз өнері арқылы бейнелейді. Ханға суық хабар өзегін құрт жеген алма арқылы беріледі. Қызғанышы оянған Хан шебер мен ханшаға қаһарланып, жас жігіттің көзін ойып, тілін кесіп, қатал жазалайды. Бірақ Ханның бұған көңілі көншімейді. Ол сезім сергелдеңіне түсіп, жаны тыным таппайды. Өзінің өткен өмірін ой елегінен өткізіп, іштей ар талқысына, ой арпалысына түседі.

Романда мұнара – шебер махаббатының символындай. Шығармада мұнараның атқаратын қызметі ерекше. Ол үш кейіпкерді, ханды, ханшаны және шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі. Романдағы романтикалық сарын да осы мұнара бейнесімен байланысты. Ол жанданған кейіпке еніп, адам әрекетіне, адамға тән мінезге, қылыққа ие.

«Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді.

Бірде терезенің алдынан ет жүрегінді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді».

Мұнара бірде «күледі», бірде «мұңаяды», бірде «сұстанады», бірде «алыстан ым қаққандай» болса, бірде «жалбарынады». Шығарманы мұқият оқып шықсаңыз, мұнараның мұндай «мінезінің» сан қырына куә боласыз. Шығармада мұнара романтикалық бояумен бейнеленген. Оның қасиетін суреттеуде әсірелеу де басым.

Мұнараға қараған жанның барлығы қайран қалады. Ол шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсамайтын ерекше бір сипаты бар, сиқырлы мұнара. «Өмірші сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-соңды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап, тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне алмай келеді».

Романда мұнараның қасиетін айқындауда «сиқыр» сөзі онымен жиі қатар айтылады. Мұнараның сиқыры – шебердің ханшаға деген махаббатын бейнелеуінде, тіпті сол махаббаттың өзіне айналуында. Жазушы өз кейіпкерлерінің мінез-құлқын олардың сыртқы іс-әрекеттері, қимылдары арқылы емес, ішкі монолог арқылы ашады.

Жалпы алғанда, Ә.Кекілбаевтың қаламгерлік қолтаңбасына, жазу мәнеріне өз кейіпкерінің характерін, психологиялық ахуалын ішкі монолог пен авторлық баяндау арқылы ашу әдісі тән. Негізгі қақтығыс оқиғаның сыртқы сюжеттік тінінде емес, кейіпкердің ішкі әлемінде, жан дүниелерінде дамиды. Романда оқиғаның хронологиялық тәртіппен дамуынан гөрі жеке тұлғаның рухани ішкі дамуына басты назар аударылған.

Романда Өмірші - қарама-қайшылығы мол, күрделі бейне. Жазушы оны кең масштабта, жалпылама түрде бейнелеген. Сондықтан романдағы Өмірші нақты Шыңғысхан да, Ақсақ Темір де емес, кесек те күрделі билеушінің жиынтық бейнесі. Күдігі мен күмәні мол, қатал да қатыгез, сонымен бірге ақылды да аңғарымпаз жұмбақ жанның психологиясын байқайсың. Ол соншалықты сұңғыла да көреген.

Қаламгер кейіпкерінің сезімдік күйіне психологиялық салмақ артып, философиялық жинақтауларға ден қояды. Өмірінің соңғы сәттерінде ол өзінің әлемді тігіреткен әміршілік әрекетінің өткіншілігін, дүниенің опасыздығын, жалғандығын түсінеді, махаббат құдіреті алдындағы дәрменсіздігін сезінеді.

Ханша мен шеберді қатаң жазалағанымен, хан олардың жүрегіне әмір ете алмайды. Өйткені байлық пен биліктен тыс, оларға бағынбайтын махаббат, сезім құдіреті бар. Нағыз өнер туындысына тән сұлулық пен нәзіктік тек шынайы махаббаттың әсерінен туындайды. Жазушы шығармалары асқақ гуманистік пафосқа, астарлы романтикалық сарынға құрылады.

Қаламгер қолтаңбасын айқындап тұратын өзіндік ерекшелігінің бар екендігі даусыз. Соның бірі – кейіпкерлерінің жан дүниесіне тереңдеп еніп, онда өтіп жататын психологиялық иірімдерді, қайшылықтарды, сезім толқындарын аша білуінде, кейіпкер тағдырын тереңнен тарта бейнелеуінде. Оның басқа қаламгерлерден ерекшелігі адам болмысына терең бойлап, адам табиғатының психологиясын зерттеп-зерделеуінде. Ә.Кекілбаев өз шығармашылығында адам табиғатында бар жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен зұлымдықтың өзара қатынасы қандай, адам өмірінің мәні не, адам құдіреті неде деген сұрақтарға жауап іздейді.



Әсіресе бұл өзекті мәселелер «Аңыздың ақыры» романында өзіндік көркемдік шешімін тапқан. Жазушы романда лирикалық реңк бояудың молдығы, тілдік өрнектің эмоционалды бояуға қанықтылығы, шартты түспалдар секілді романтизм эстетикасына тән тәсілдерді шебер пайдаланады.

Лиризм романда суреттелген оқиғаға эмоциялық бояу беріп, поэтикалық мазмұн дарытқан. Шығармада лирикалық бастау шығарманың құрылысы мен стилистикасында, кейіпкер психологиясын суреттеуде де қызмет етеді. Романтикалық стиль табиғатынан туындайтын ырғақ, поэтикалық инверсиялар мен қайталаулар романға айрықша реңк беріп, әсерлілігін күшейткен. «Кейде анау тас мұнара мұның өзі сияқтанып кетеді; оның бойында да көрер көзге құлпырып тұрғанмен, әлдебір қаяулы мұң бар, бұның

көңіліндегідей ғұмыры тарамайтын-тарқамайтын, өзге түгілі өзіне де түсініксіз, іштей кеміріп жататын бұйығы іңкәр, именшек құштарлық бар; батылсыз жандардың аузынан өмірі шықпай, жәудірей қараған жанарларында жартылай жас боп тұнып жататын тұптұнық, тұңғыық наз бар.

Жоқ, мынау мұнара бұның өзі емес, әлдекімнің «апырай, ұқпағаның ба» деп жазғыра қараған жанары сияқты». Жазушы бар сөзін қайталау арқылы баяндау мәнеріне лирикалық реңк, айрықша романтикалық бояу берген.

«Аңыздың ақыры» романында халық жадындағы аңыз бен романтикалық қиял, философиялық толғам мен аналитикалық суреттеу тәсілі, реалистік баяндау мен шарттылық келісті үйлесім тапқан.



Абиш Кекилбаев: жизнь и легенда



В нем соединилось, казалось бы, несоединимое. Публичность государственного деятеля и потаенный жар уединения, сопряженного с писательским творчеством. Он занимал высокие государственные посты и писал книги, в которых дышала история и содержались пророчества о грядущих днях. Причем каждая из его книг являла все богатство тюркского речестроя.

Абиш Кекилбаевич Кекилбаев родился 6 декабря 1939 года, в селе Онды, Гурьевской области, Мангистауского района, Казахской ССР. Казахстанский общественный и политический деятель, Герой Труда Казахстана, народный писатель Казахстана, лауреат Государственной премии, филолог, Академик Академии социальных наук, Почётный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Евразийского государственного университета имени Л.Гумилева.

Он, Абиш Кекилбаев, верный сын Мангистау, неким сверхчутьем и провидением осознал еще в детстве, отрочестве, юности свое главное предназначение, свою высокую миссию: не дать иссохнуть родникам святого слова и вопреки всему вернуть их к жизни, сделать достоянием новых времен.

Абишу было два года, когда разразилась война. Отец погиб в первый же день Сталинградской битвы, но семья не знала об этом и долго еще верила, что он жив и вернется.

"Все годы войны мы жили в теснине гор Капы. Каменная пасть. На Эмбинских горах. По узкой расщелине протекала соленая речка, была проложена узкоколейка. Возили эшелонами уголь на пристань, - вспоминает Абиш. - В тех придорожных землянках не было другого мальчика, который бы с утра до вечера одиноко лазил на скалы. Хотел увидеть степную ширь. Но безмолвные каменные громады закрывали мне белый свет. Оттого и складывается, возможно, особый интерес у меня к таинственной жизни колодецкопателя или минарестроителя - всех тех, кто стремится к просторам, кто рвется из теснины на волю. С тех пор - все карабкаюсь... Как мой герой-мученик Зодчий из "Конца легенды", все еще ожидающий благодарного поцелуя сказочной принцессы. Очутившийся вдруг на самой макушке незавершенного минарета, свешиваясь за борта, привставая на носки, вытягивая шею, весь подаюсь вперед. В горле пересохло. Куда-то исчез голос. Еле шевеля губами, говорю себе: "Держись... Все вытерпи... Еще чуть-чуть"... Возможно, и достигну желанной высоты всепостижения. Утолю жажду всепознания. И еще успею поделиться со всеми увиденным и услышанным"- писал Абиш Кекилбаев.

Чуть позже подросток вырвется из теснин Каменной пасти и увидит родной Мангистау во всю ширь, из края в край, и эту безмерность будет нести в своем сердце всю жизнь. Панорама Мангистау поражает своей первозданностью, земля здесь выглядит как в День Творения. Не потому ли в Абише Кекилбаеве не было страха высоты, не отсюда ли в его книгах стремление понять изначальную суть вещей, характеров и судеб?

Увидев Магистау, с необходимостью осознаешь: эта земля должна порождать людей духовно великих. И вполне естественным воспринимаешь тот факт, что именно эта земля дала миру 360 святых, а 361-м называют Абиша Кекилбаева.



В 1962 году окончил филологический факультет Казахский государственный университет им. С. М. Кирова.

Он был удачлив по жизни. Удача была двулিকা, но оба лика ее были светлыми, касалось ли то его литературной стези или дел государственной службы. Чтобы осознать масштабы этой личности, достаточно лишь перечислить те должности, которые он занимал. В советский период занимал различные государственные должности: работал заместителем министра культуры Казахской ССР, вторым секретарём правления Союза писателей, заведующим Отделом ЦК Компартии Казахстана, руководителем Реферантуры по культуре и межнациональным отношениям Аппарата Президента Казахской ССР, главным редактором газеты «Егемен Казакстан». Был литературным сотрудником газеты «Қазақ әдебиеті», заведующим отделом литературы и искусства редакции газеты «Лениншіл жас».


Избирался депутатом Верховного Совета Республики Казахстан двенадцатого и тринадцатого созывов, председателем Комитета по национальной политике, развитию культуры и языка Верховного Совета Республики Казахстан.

Говорят, орел поднимается в горние выси лишь потому, что восходящие токи сами ловят его крыло.

Он был госсекретарем президента РК, председателем комитета по международным делам и безопасности мажилиса парламента, депутатом сената, госсекретарем РК.

- С апреля 1994 по май 1995 года — Председатель Верховного Совета Республики Казахстан тринадцатого созыва.
- С мая 1995 года работал Государственным советником Президента Республики Казахстан.
- В декабре 1995 года избирался депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан первого созыва, председателем Комитета по международным делам, обороне и безопасности Мажилиса Парламента Республики Казахстан.
- С октября 1996 по январь 2002 года — Государственный секретарь Республики Казахстан, советник Президента Республики Казахстан.
- В 2002 году Указом Президента Республики Казахстан назначен депутатом Сената Парламента Республики Казахстан. Член парламентской фракции партии «Асар». Член Национального Совета Республики Казахстан, Ассамблеи народов Казахстана. Член Организации Центральноазиатских государств. Член группы сотрудничества с Конгрессом США, с Палатой Советников Японии, с Парламентом Республики Хорватия.
- 11 марта 2010 года Указом Главы государства прекращено полномочие депутата Сената Парламента Республики Казахстан.

Талант Абиша Кекилбаева проявился ярко, он сразу полюбился многим читателям. Имя народного писателя навсегда останется в ряду выдающихся мастеров художественной прозы. Среди поклонников его писательского таланта – читатели самых разных возрастов. Многие знают книги А. Кекилбаева не один десяток лет, а кто-то только начинает знакомиться с его творчеством. И нет сомнения, что их ждут удивительные открытия.



Абиш Кекилбаев посвятил всю свою жизнь беззаветному служению Родине, развитию парламентаризма, единству и согласию народа страны. Он внес выдающийся вклад в развитие казахской литературы, укрепление духовной целостности народа, связи между культурами как в евразийском, так и в мировом

пространстве. Он награжден многими государственными наградами, главная из которых — Герой Труда Казахстана.

Абиш Кекилбаев был патриотом своей страны. Накануне обретения независимости Казахстана он принимал активное участие в решении проблем, связанных с казахским языком, ономастикой, национальной историей, социально-культурными вопросами и международными отношениями.

Но Абиш Кекилбаевич прежде всего писатель. Мудрый, авторитетный, преданный народным истокам. На небосклоне казахской литературы его имя появилось в 60-е годы прошлого столетия, когда смело заявила о себе целая плеяда молодых прозаиков. Яркие, талантливые, свободные духом, они были своеобразными хранителями национальной идеи о независимости.

Невзирая на политический строй, обходя цензуру, они доносили до читателей самые сокровенные мысли о свободе.

О чем бы ни писал Абиш Кекилбаев, он всегда поднимал важные вопросы. А его прозу отличали эпичность повествования, глубокий психологизм. Произведения писателя, как правило, не дают готовых ответов, их герои, а вместе с ними и читатели ищут и находят ответы сами. Они живут в мире, где происходит вечная борьба между добром и злом, отчаянием и надеждой. Они чувствуют и понимают, когда настает пора твердых решений.

Яркие образы, стиль писателя запоминаются и очаровывают.

«Он пришел в литературу не так, как большинство из нас - робко и оглядчиво. А пришел он уверенно и спокойно, сохраняя достоинство человека, будто он вступил в привычную и давно обжитую им среду»

Абдижамил Нурпеисов

Творчество

Абиш Кекилбаев перевел на казахский язык сочинения Шекспира, Чехова, Толстого, на многие языки были переведены и его произведения. За исторические романы **«Плеяды – созвездие надежды»** и **«Всполохи»** Абишу Кекилбаеву присуждена Государственная премия Республики Казахстан им. Абая.

Наиболее известные его произведения – роман **«Конец легенды»**, повести **«Баллады забытых лет»**, **«Колодец»**, **«Состязание»**, **«Дом на окраине»** – включены в школьную программу.

